

2024 жылғы тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп бойынша жария тыңдаулар өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 25-бабы 6-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер беруді өткізеді.

Осыған байланысты, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) «Кеңқияқ-Атырау» магистралдық құбыржолы бойымен мұнай айдау бойынша реттелетін қызметтер ұсыну бойынша Серіктестіктің 2024 жылғы қызметі туралы жыл сайынғы есеп беруді өткізетіні туралы хабарлайды.

Есепті тыңдау 2025 жылғы 23 сәуірде 15 сағат 00 минутта келесі мекенжай бойынша болады: Алматы қ., Тимирязев көш. 26/29, «BNC Plaza» бизнес-орталығы, 6-қабат, конференц-зал.

Қосымша ақпаратты Сіз +7 (727) 312-22-12 (ішкі 5575) телефоны бойынша ала аласыз.

Байланысушы тұлға: Аубакиров Азамат.